



Сыр бойы

№14 (21089) 29 қаңтар, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



АГЕНТТІК АЛДЫНДА КҮРДЕЛІ ӘРІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ТҰР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінде жиын өткізді. Сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, осыдан бес жыл бұрын, ел ішінде ауқымды өзгерістер қолға алынып жатқан тарихи кезеңде құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі өзіне жүктелген жауапкершілік пен міндетті абыроймен орындап келе жатқанына назар аударды. Президент құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін деп санайды. Сондай-ақ мемлекет қаржысын жымқыратын алаяқтармен күрестің маңыздылығына тоқталды.

– Біз елімізді дамытуға арналған қаражатты тиімді жұмсаудың амалын іздеп киналамыз. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік салаға бөлінген триллиондаған теңге қаржыны жымқыратын алаяқтар бар, тіпті аз емес деп айтуға болады. Бұл – мүлде ақылға сыймайтын жағдай. Мұндай кеселді түп-тамырымен жою керек. Қаржыны криптовалютаға айналдырып, шетелге шығару жағдайлары да азаймай тұр, ондай заңсыздыққа тосқауыл қою қажет. Мұндай теріс ахуал экономикаға орасан зор зардабын тигізуде. Түптеп келгенде, көлеңкелі экономикамен үзілді-кесілді күресу керек. Бұл да – өте өзекті, аса маңызды міндет. Қаржылық мони-

торинг қызметінің алдында тұрған міндет белгілі: бұл – мемлекет қаржысының тек қана ел игілігіне жұмсалуды қадағалау. Осы маңызды міндеттің сапалы іске асуы сіздердің қызметтеріңізге тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет Агенттік қызметкерлерінің тиімді әрі алаңсыз жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасап жатқанын атап өтті. ЖІ мүмкіндігін пайдаланып, талдау-сараптау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен әлеуметтік жағдай қалыптасқан қаржылық жағдайды ретке келтіру керек.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ТҮЙТКІЛДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде туризмді дамыту, 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Аймақта туристерге қолайлы жағдай жасау үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Өткен жылдың қорытындысымен облысқа 157 500 турист келіп, 35 пайыз өсім қалыптасты. Қызмет көрсету көлемі 2 млрд 441 млн теңге болып, 57,6 пайызға артты. Қайта жаңғыртудан өткен темір-жол вокзалының, «Қорқыт ата әуе-жайының» ішінен туристерге ақпарат беретін виртуалды карта әзірленіп, QR кодтар қойылды. Жаңадан ашылған

заманауи үлгідегі музейде экскурсияға келушілерге тарихи деректер жан-жақты таныстырылады.

Облыстағы демалыс парктері жанартылып, туристерге қолайлы және қауіпсіз қызмет көрсетіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында халық көп шұғырланатын орындарда «102», «SOS» арнайы дабыл батырмасының 15 құрылғысы орнатылды.

2-бет

/// ӘРТАРАПТАНДЫРУ

БІРІНШІ КЕЗЕҢДЕ ТҰҚЫМ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Өткен жылдың қазан айында Жаһандық инвестициялар жөніндегі қазақстандық дөңгелек үстел аясында Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және швейцариялық Harvest Agro компаниясы арасында агроиндустриялық кластер құру туралы үшжақты Негіздемелік келісімге қол қойылған болатын.

Келісім бойынша компания аймақта ірі инвестициялық жобаны іске асыруда. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу мен жоғары тиімді технологияларды енгізу стратегиясының бір бөлігі. Аумағы 23,5 мың гектар жерге техникалық

карасора, жүгері және соя дақылдарын өсіру, қайта өңдеу жоспарланған. Жоба құны 51 млрд теңге, іске асыру барысында аймақ тұрғындары үшін 150-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады.

2-бет

/// САРАП

«...Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, өсіресе Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар».

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан»
газетіне берген сұхбатынан

ЕТ БАҒАСЫ ӨСТІ: СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Ауыл шаруашылығы министрлігі ірі қара мал етін экспорттауға шектеу қойып, өткен жылдың 31 желтоқсанынан бастап Қазақстан аумағынан әкетуге квота енгізді. Шектеу осы жылдың 30 маусымына дейін қолданылмақ. Аталған ведомство мұның себебін «Жаңа квота тетігі делдалдарды айналып өтіп, нақты өндірушілерді қолдауға мүмкіндік береді» деп түсіндіріп отыр. Министрліктің дерегіне, бұған дейін кейбір компаниялар мен шағын мал сою пункттері малды бордақыламай-ақ қайта сатып, экспортқа шығарып келген. Мұнан соң салада алыпсатарлық пен делдал көбейіп, артынша ішкі нарықта ет бағасы жылдам өскен. Расымен кейінгі уақытта ет бағасы бірден көтерілді. Өсіресе, сиыр еті қымбаттады. Бұрын құны жоғары болған жылқы мен қой еті бағасымен бірдей, тіпті асып түскен.

БАҒА ӨСУІНІҢ БАСҚА ДА СЕБЕБІ БАР

Алдымен «Сиыр еті неге қымбаттады?» дегенді анықтап алайық. Аралағы делдалдықтан бөлек, басқа да себеп бар шығар. Осының өзін қарапайым тұтынушыдан емес, төрт түлкіті бағып отырған мамандардан сұрадық. Жаңақорған ауданының тұрғыны, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Зұлпыхар Сыздықовтың сөзінше, ірі қара етінің бағасы тұрақты. Егер оның шығынын есептесек, қымбат емес.

– Өйткені, бір ірі қара мал қорада тұрып бордақыланса, 24-25 келі шөп жейді. Бұл – бір бума жоңышқа шөбі. Оның бағасы 1600-1800 теңге екені белгілі. Бір бас мал семіру үшін орташа есеппен 65 күн керек деп алайық. Есептесек, 100 мың теңге айналасында пұл керек. Басқа да мал азығын есептемегенде, кеткен шығын қалай жабылмақ? Шығын ұлғайған соң ет бағасы да бір орнында тұрмақ емес. Жалпы аналық малдың төлі бар, сүті бар дегенмен де қолда ұстау тым қиын бүгінде.

Екіншіден, онтүстік өңірлерде жайылым мәселесі өте өзекті. Ауа райы да жауын-шашынды емес. Мал аузын толтырып жайылатын от аз.

Үшіншіден, малшы жоқ. Табу қиын. Тапқанның өзінде жыл бойы жоғары жалақы төлесен келіседі, ол да мал иесінің қалтасына салмақ. Жалпы мемлекет тарапынан фермерлерге жағдай жасалмаса, атақәсіптен алшақтайтын шығармыз, – дейді ол.

Көп уақыттан бері «Заман ата» шаруа қожалығының төрағасы болып келген Зұлпыхар ақсақал ірі қара ұстау жыл өткен сайын қиындап бара жатқанын айтады.



Колмак К.Орабаев

4-бет


/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылыс барысымен танысты. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысан 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Бас мердігер – «ASPAN HOLDING», бас жобалаушы – «Жоба», техникалық қадағалаушы – «Строй-Проф» серіктестіктері.

Кешен олимпиадалық стандарттарға сай келетін 50 метрлік бассеймен, Азия, Әлем чемпионаттары сияқты ауқымды жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Құрылысы екінші жартыжылдықта аяқталады.

Айта кетейік, 2022 жылдан бері өңірде 24 спорт нысаны салынса, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ел игілігіне табысталады.



Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфрақұрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес, 11 мың орындық жаңа стадион ашылды. УЕФА-ның IV санатты сертификатты алған жаңа нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік жасалған.

Ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда бокс клубы», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Теннис орталығы», «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері ашылды. Қызылорда қаласында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған заманауи «Инклюзивті спорт орталығы» ел игілігіне табысталды.

Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 80 спорт-ойын алаңы орнатылған.

Валюта бағамы:

\$ 502,27 kzt

€ 597.15 kzt

₸ 6,57 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі ☀️ 0°

☾️ -8°

Сәрсенбі ☀️ 0°

☾️ -4°

АГЕНТТІК АЛДЫНДА КҮРДЕЛІ ӘРІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ТҰР

– Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау сияқты ұлт болашағына әсер ететін, үнемі халқымыздың назарында болатын маңызды салаларға баса мән берілуге тиіс. Осыған дейін де айтып өттім, жалпы әлеуметтік салада занбұзушылықтар аз емес. Қаржы операцияларына мониторинг жүргізу кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Басты мақсат – бәрін жаппай тексеру емес, ел экономикасына қауіп төндіретін сын-қатерлерді дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау. «ІШаш ал десе, бас алып», шектен шығуға болмайды. Қайталап айтамын: Агенттік қызметкерлерінің міндеті – қаржы ұйымдарын жаппай тексеру емес, керісінше экономикаға төнген қауіптің бетін қайтарып, тойтарыс беру үшін уақытылы шара қабылдау. Бұл ретте цифрлық жұмыс тәсілдері ауадай қажет. Бірақ жасанды интеллектіге ғана емес, өз ақыл-ойларыңызға да сенген артық етпейді. Адамдар ЖИ-ге арқа сүйіп бастағанын, тіпті байандамаларын да өздері жазбай, оны Grok пен ChatGPT-ге тапсыратынын байқаيمын. Яғни адамдар дұрыс оқуды, тиісті білім алуды емес, интеллектіні түрлі нұсқада қалай пайдалануды үйренуде. Мұның салдары ауыр болады. Қаржылық барлау қызметкерлерінен нағыз жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарайтын отаншылдықты талап етемін. Мұндай қасиетке ие адамдар жемқорлықтан, ашкөздіктен, сауатсыздықтан ала болуға тиіс. Сауатсыз, әсіресе ашкөз, көрескызар, жемқорлыққа бейім адам ешқашан патриот бола алмайды. Әрине, ол өзін патриот санауы, алаулатып, жалаулатып сөйлеуі мүмкін. Алайда ол патриот емес және оны бәрі біледі. Сондықтан бұл арада отаншылдықты дұрыс түсіне білгеніміз абзал. Мен бұл жөнінде Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Қазіргі уақытта жаңа Конституцияның мазмұнын қарап жатырмыз. Біз осы өзгерістер аясында патриотизм туралы ұғымды нақтылап, жауапкершілікке әрі жасампаздықа құрылған отаншылдықты айқындай аламыз деп ойлаймын. Нағыз патриот барлық жерде, ол Қаржылық мониторинг агенттігі немесе мемлекеттік меншіктегі кәсіпорнын болсын, жеке кәсіпкерлік нысаны, университет, мектеп болсын, адал еңбек етуге тиіс. Әркім өз жұмысын жақсы атқарса, оны патриот деп санаймыз. Жалпы, тексеру шаралары мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне қатысты жұмысқа кесірін тигізбеуі керек. Бюджет қаражатын уақытылы игеруге де кедергі келтірмеуі қажет. Аппараттық, коммерциялық қауіпсіздікті және жеке деректерді қорғау мәселесін назарда ұстаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Агенттіктің кәсіпкерлермен жұмыс тәсілін қайта қарауға шақырды.

– Бизнесіңің дамуын тежейтін кедергілерді жою керек. Бұл бағытта біраз жылдан бері жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бірақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, жекелеген бизнес өкілдерінен әлі де арыз-шағым түсіп жатыр. Барлық құқық қорғау органы бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы ауыр қылмыспен пара-пар екенін түсінуге тиіс. Бұл, ең алдымен, Қаржылық мониторинг агенттігіне қатысты. Маған аймақтарда кара басының қамы үшін заңды бизнесігі тоқтату тәжірибесі әлі де бар деген шағымдар келіп түсіп жатыр. Ескертемін: егер әлгідей мәліметтер рсталса, заңға сәйкес жауапқа тартып, келтірілген шығынды өндіріп алу үшін қатаң шаралар қабылданады. Былтыр Агенттік тергеу жүргізген қылмыстық істердің 40 пайызы, яғни мынанан астамы негізсіз деп тоқтатылған. Мысалы, 2025 жылы Агенттік 2710 іс қозғаған, оның 1061-інде күдіктілер ақталып, іс тоқтатылған. Бұл – жай ғана көрсеткіш емес. Осындай істердің салдарынан кәсіпкерлер шығынға ұшырайды, олардың іскерлік беделіне нұқсан келеді, еңбек ұжымдарының берекесі қашады. Мұның бәрі бизнестің дамуын тежейді, елдегі инвестициялық ахуалға зардабын тигізеді. Сондықтан кәсіпкерлермен қарым-қатынас орнату тәсілдерін қайта қараған жөн. Өтепіді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, ақылға қонымды теге-теңдікті сақтай білу қажет. Кәсіпкер қаржы занаимасын бұзған жағдайда оның шаруашылық қызметін бірден тоқтатып тастауға болмайды. Шектеу шараларын құқықбұзушылықтың деңгейіне сәйкес ерекше жағдайларда ғана қолдану керек. Кәсіпкерлер де заң талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Мемлекеттің оң көзқарасы мен қорғауын пайдаланып, салықтан жалтаруға, алаяқтық схемалар жасауға болмайды. Алаяқтыққа мүлдем жол бермейміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлемекші экономикамен күресті жандандыру мәселесіне назар аударды.

– Жаңа салық саясаты күшіне енгелі бері нақты айналымды жасыру үшін қолма-қол төлем көлемінің артқаны туралы мәліметтер келіп түсті. Бөлшек саудамен айналысатын саудагерлер тауардың ақысын қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлегеніне қарай салық сомасын шешерін, екі түрлі баға айта бастады. Бұған, әрине, көз жұма қарауға болмайды. Өйткені мұндай әрекеттер мемлекеттің салықты әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру бағытындағы еңбегін зая кетіреді. Кірісті жылыстату және капиталды астыртын криптооперациялар арқылы зансыз шығару проблемаға айналды. Бүгінге дейін 62 миллиард теңгеден астам қаржы айналымы бар 130 зансыз криптоалмасу қызметі жойылды. Осы істердің аясында 2,6 миллиард теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде ақшаны криптоға айырбастау жарнамасы тыйылмай тұр. Демек, мәселе түбегейлі шешімін таппаған. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, еліміз – сыртқа шығарылған капиталдың көлемі жағынан «көш бастап тұрған мемлекеттердің» бірі. Ал осындай қылмыс үшін сотталғандар жоққа тән. Капиталдың зансыз сыртқа кетуі экономикалық қауіпсіздігімізге тікелей қатер төндіреді. Агенттік аталған мәселелер бойынша нақты ұсыныс енгізсін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін ойластыру қажет екенін айтты.

– Агенттік қаржы пирамидаларымен белсенді күрес жүргізіп жатыр. Тек былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартпақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды. Алайда қабылданып жатқан шаралар да, түсіндіру жұмыстары да жағдайды түбегейлі өзгерте алмай тұр. Өйтсе де оң үрдіс бар. Неге? Өйткені алаяқтар пирамидалы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянғанынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп-тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің зансыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымсынбай қылмысқа баратын жандарды түрмеге қамап, қылмыстық жазаға тарту керек. Егер Қаржылық мониторинг агенттігі, Үкімет осындай түзетулерді ұсынса, мен қолдаймын. Мәселені қарастырыңыздар. Осы тектес батыл шешімдер қабылдасақ, ахуалдың оңала қоюы екіталай. «Баяғы жартас – сол жартас» күйінде қала береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент есірткі бизнесімен күресті күшейтуді талап етті. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Ұлттық банкпен бірге коммерциялық банктөрдің зансыз, күмәнді операцияларына бақылауды күшейту міндетін жүктеді.

Мемлекет басшысы сөз соңында Агенттік алдында көптеген күрделі әрі маңызды міндет тұрғанын атап өтті. Жиында Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлиманов ведомствоның атқарған жұмыстары мен алдағы жоспары жөнінде баяндама жасады. Президент қызметтік борышын үлгілі атқарғаны үшін Қаржылық мониторинг агенттігінің бір топ қызметкерін мемлекеттік наградами марапаттады.

1-бет

ТУРИЗМДІ ДАМУЫТУДАҒЫ ТҮЙТКІЛДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Туристік инфрақұрылымды дамыту үшін Rixos және Pana Hotel қонақүй желілері салынуда. Аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға жергілікті бюджеттен 30 млрд теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланған. Бүгінде жоспардағы жұмыстар басталды. Балалардың құқықтарын қорғау саласында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа

1-бет

қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған енгізу мақсатында 480 млн теңге қаржы бөлінбек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру көлемі жыл сайын 50 пайызға ұлғайып келеді.

Балалардың мүмкіндіктерін ерте анықтау, сапалы оналту арқылы толыққанды өмір сүруге бейімдеу үшін білім саласында 3 оналту орталығы ашылды. Денсаулық сақтау саласында да 2022 жылдан бері 3 оналту орталығының жұмысы жолға қойылған.

Білім беру ұйымдарына 100 пайыз бейнебақылау камералары орнатылып,

жасанды интеллект технологияларын енгізу мақсатында 480 млн теңге қаржы бөлінбек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру көлемі жыл сайын 50 пайызға ұлғайып келеді.

Балалардың мүмкіндіктерін ерте анықтау, сапалы оналту арқылы толыққанды өмір сүруге бейімдеу үшін білім саласында 3 оналту орталығы ашылды. Денсаулық сақтау саласында да 2022 жылдан бері 3 оналту орталығының жұмысы жолға қойылған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БІРІНШІ КЕЗЕҢДЕ ТҰҚЫМ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Бірінші кезең биыл басталады деп жоспарланған. Бұл кезеңде 8,5 мың гектар суармалы жер игеріліп, тұқым өңдеу зауыты салынады. Екінші кезеңде егiс алқабы екі еселеніп, қайта өңдеу қуаттылығы жылына 60 мың тоннаға дейін жеткізілмек. Жыл сайын шамамен 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя өндіріледі. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетін арттыруға айтарлықтай үлес қосады.

Harvest Agro компаниясы 6 мың гектар

1-бет

жер учаскесін тегістеп бітіріп, 8,5 мың гектар жерді тегістеуді бастады. Қазіргі уақытта 110 техника, 15 жаңбырлатып суару жабдығы орнатылуда, жұмысқа 200 адам жұмылдырылған. Сонымен қатар, центрифугты жаңбыратқыш машиналар қолданылады.

Еске салайық, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, күріш алқаптарын кезең-кезеңімен қысқартып, суармалы суды аз қажет ететін дақылдарға көшу жұмыстары басталды. Осы бағытта жүгері егістігінің көлемін ұлғайтуға басымдық беріледі. Өткен жылы жүгері 1700 гектарға егілсе, биыл 10 мың гектарға жеткізілмек.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы Сырдария өзенінің су ресурстарына тікелей байланысты. Өңірдің ауыл шаруашылығының дәстүрлі бағыты – негізгі және стратегиялық маңызы бар күріш дақылын өсіру. Ал әртараптандыру жобасы су ресурстарын тиімді пайдалануға, заманауи суару технологияларын енгізуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар су тапшылығының алдын алып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және өңірдің аграрлық әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУ АЗАМАТТАР СЕНІМІН АРТТЫРАДЫ

Прокуратура өзінің қадағалау әлеуетін әуелі Конституцияның басты құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығын қорғауға бағыттайды. Оның жұмысындағы ең басты қағидат – заң мен тәртіпті бұлжытпай сақтау. Облыстық прокуратура өткен жылы осы бағытта атқарған жұмысы мен жетістіктерін жариялады.

Аталған ведомство мәлім еткендей, бүгінде аймақтағы қоғамдық саяси ахуал тұрақты. Жалпы қылмыс саны 2,5%-ға төмендеді. Мобильді топтар сепке алынған қылмысқа бейім, бұрын сотталған 1500-ден астам адамның мекеңжайы мен жұмыс орыны тексерді. Осындай нақты шаралар нәтижесінде жекелеген қылмыс түрлері төмендеді.

– Атап айтсақ, аса ауыр қылмыстар 2, ауырлығы орташа дәрежедегі қылмыстар 4,8, оңша ауыр емес қылмыстар 3,5, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру деректері 4, тонау 48,6, қорқытып алу 18,8, ұрлық 50, қоғамдық орындарда тіркелетін қылмыстар 10,8, оның ішінде көшеде жасалған қылмыстар 7,7 пайызға төмендеді. Алаяқтық бойынша 289 жәбірленушінің 298 млн теңгеден астам несие төлемін КІПК-нің 200-бабы талабына сәйкес іс бойынша процестік шешім қабылдағанша тоқтату туралы 340 ұсыны енгізілді. 406 дрондер анықталып, 380-іне қатысты сотқа дейінгі шағым түсті. Антифрод орталығына

құмәнді есепшот транзакцияларын бұғаттау үшін 1422 инцидент беріліп, нәтижесінде 1279 есепшот бұғатталды. 2,4 млрд теңге залалдың 1,5 млрд теңгесі тергеу барысында қайтарылып, 63%-ы өндірілді, – деді облыс прокуроры Ризабек Ожаров.

Прокурорлар былтыр қылмыстық құдалау органдарының 152 шешімін бекітуден және онымен келісуден бас тартты. Бұған шешімдердің азаматтардың конституциялық құқығына тікелей әсер етуі түрткі болған. 55 адам прокурор қаулысымен уақытша ұстау абяқтығысынан босатылды. Қылмыстық құдалау органдарына тергеу әрекеттерінің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында 1524 нұсқау, 110 ұсыныс берілді, 404 қызметкер тәртіпті жауапкершілікке тартылды. Ал 91 адамның іс-әрекетін саралау туралы қаулыларға келісім берілген жок, 36 қылмыстық іс ақтау негізінде тоқтаты. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығының тиімді қорғалуын қамтамасыз ету бағытында кезекші прокурордың сенім телефоны жұмыс

істеп тұр. Ол арқылы тәулік бойы қоңырау қабылданады. Рақымшылық заңына сәйкес 138 қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру сотқа жетпей тоқтады.

– Біздің бастамамызбен жасанды интеллект мүмкіндігін қылмыстық процесте кеңінен пайдалану бағытында IT TERGEU, «Smart білезік», «Киберволонтер» және «Қылмыссыз өңір» атты іс-шаралар жүргізілуде. Алтын сағат принципі негізінде «Киберпол» жұмысы жанданды. Бұл өз кезегінде интернет алаяқтардың арбауына түскен жәбірленушілердің арызын қабылдап, тергеу әрекеттерін қысқа уақытта жүргізуге мүмкіндік береді. Былтыр көп эпизодты алаяқтықпен айналысқан 3 адамға қатысты тергеу аяқталып, іс сотқа жолданды, – деді Ризабек Ожаров.

Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты түзеу мекемелерінде 1466 сотталған адамның мынанан астамы еңбекке жарамды. Қауіпсіздігі барынша төмен мекеме мен тергеу изоляторында жазасын өтеушілер толық жұмыспен қамтылған. Ал қауіпсіздігі аралас мекемедегі көрсеткіш – 52 пайыз. Өңірде сотталғандардың орта есеппен 75%-ы еңбек етіп жүр. №60 мекемеде қосымша 6 жеке кәсіпкер жаңа жұмыс орындарын ашты. Жергілікті бюджет қаржысы есебінен

қосымша модульді жаңа ғимарат салынып жатыр. Сондай-ақ күндізгі стационар ашылып, мамандар қызмет көрсетіп келеді. Телемедицина іске қосылып, сотталғандар жаппай скринингтен өтті.

Есепті кезеңде облыста 3 мыңнан астам кәсіпкердің, көмелетке толмаған 73 мыңнан астам адамның, 17 мың жұмысшының құқығы қорғалды. Кәсіпкерлік мақсаттағы 350-ге жуық жер учаскесінің игерілмегені анықталып, уәкілетті органдарға тиісті шара қабылдау тапсырылды. Құны 16,7 млрд теңге 9 мемлекеттік сатып алу конкурсының күші жойылды. Негізсіз шығындарын алдын алу бағытында 22,6 млрд теңге бюджет қаржысы үнемделді.

– Өткен жылы 400-ден астам облыс тұрғыны жеке қабылдауыма келді. Біздің құзыретімізге кіретін мәселелер бойынша әр сейсенбі күні сағат 10-нан бастап халықты қабылдауға әзірмін. Мемлекет басшысының тапсырмаларын бұлжытпай орындау, азаматтардың сенімін арттыру және қадағалауды күшейту бағытындағы жұмыс жалғасады, – деді облыс прокуроры.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

үлесі 99, елді мекендердегі ішкі жолдардың үлесі 87 пайызға жетті. Облыс басынсының қолдауымен Теренөзек кентіндегі теміржол вокзалының ғимараты жаңадан салынуда. Құрылыс алдағы айларда аяқталып, ел игілігіне айналады.

Жергілікті тұрғындардың сапалы ауысуына толық қолы жетті. Елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Өткен жылы Н.Лиясов, Шаған елді мекендері «көгілдір отынға» қосылды. Билыл Ақжарма ауылына газ тарту жұмыстары жалғасып жатыр. Елділі кезекте бұл жұмыстары Шіркейлі, Қоғалыкөл, Бесарық ауылдарында жалғастыру үшін республикалық бюджеттен 720 млн теңге бөлініп, жақын уақытта басталады. Электр желілерін қайта жаңғыртуға мән берілген. Қазірге дейін Айдарлы, Жетікөл, Амангелді, Қоғалыкөл, Шаған ауылдарын электр желісімен қайта жабдықтау толықтай аяқталды. Елділі кезекте Қалжан ахун, Теренөзек кенті, Н.Лиясов, С.Сейфуллин елді мекендерінде жалғасады, – деді аудан әкімі.

Ауданда денсаулық сақтау, білім, мәдениет және руханият салаларында ауқымды жұмыстар жүзеге асты. Жаңадан ғимараттар бой көтеріп, кейбір нысандар күрделі жөндеуден өткізілді. Сондай-ақ жергілікті тұрғындардың бұқаралық және кәсіби деңгейде спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осындай қолдаудың нәтижесінде ауданда сергектікті серік еткен жандардың үлесі 44,4 пайызға жетті.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

ТАҒЫЫМ

Адам өміріндегі алтынға да айырбастамайтын аяулы кезеңдердің бірі қолына диплом алып, еңбек жолын бастайтын сәт деп ойлаймын. Сол күн облыстық статистика басқармасының еңбек бөліміне келгеніммен, бөлім меңгерушісі Ақзия Дүйсенқызының қарсы алуымен есімде қалды. Бұл 1973 жылдың қыркүйек айы еді. Мен келген бөлімде Ақзия апаймен бірге Құлфариза Тасекеева, Қуантай Атабаева жұмыс істейді екен. Ол уақытта мектепті, жоғары оқу орнын орысша бітіргендіктен қазақшаға шорқақтауымн. Қолыма енді ғана диплом алған экономист болғаныммен, статистика туралы мүлде хабарым жоқ. Өйткенмен жаңа ортаға, өзіме бей-хабар салаға бейімделуіме Ақзия апай көп еңбек сіңірді. Ол кісінің ешкімді жатырқамайтын көпшілдігі, өз ісін жетік білетін біліктілігі жұмыстың сан қырлы қиындығын ұмыттырып жіберетін. Бүгінде білмегенімді интернеттен іздеп тауып алатын мүмкіндік бар, ал біз білмегеніміз бен түсінбегенімізді Ақзия апайдан сұрайтынбыз. Үйретуден жалқыпайтын жанашырлығын білгендіктен, көп ретте басшыма арқа сүйеймін. Қоғам өмірінің сандық құбылыстарын бірден меңгеріп кету оңайға соқпады. Мен үшін Ақзия апай энциклопедия сияқты, бар ынтасымен түсіндіреді.



КӨНІЛІМНІҢ ТӨРІНДЕГІ БІР БЕЙНЕ

– Жамал-ау, мынаны білсең, ертең мен зейнетке шыққанда осы бөлімді дөңгелентіп алып кетесің, – деп статистиканың қырық қатпарлы сыр-ын біртіндеп үйретті. Он жылдан астам уақыт бірге қызмет еттік. Қоғамдағы барлық саланың сандық және сапалық көрсеткіштерін зерделеп оңай шаруа емес екен. Ақзия апайдай қамқоршы ұстаздың тәрбиесі менің өмір мектебім, тағлым мектебім болды. Кейін зейнет демалысына шығарда өз орнына мені ұсынылты. Ол кезде бала күтімімен демалыста отыр едім. Сенімді ақтап, 36 жыл еңбек етіп, сол орыннан зейнетке шықтым. Ақзия Дүйсенқызын толық танып білгенімде мінез байлығы мен ақыл-парасатына тәнті бола түстім. Тіпті ол кісіге еліктедім десем болады. Кейде істің киноы келіспей, тапсырма дер кезінде орындамай қалатынын бар. Сондайда ол кісінің қабақ шытыққан көрмесім. Қайта қамқор пейілін та-нытып, көмек қолын созатын, бітпей жатқан жұмыстың арпайын табатын. Солан болар, ол жылдары біздің бө-лім басшылық тарапынан ешқандай ескерту алып көрмедік. Ақзия апай-дың 40 жылғы еңбегі Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамота-сына лайық деп танылды. Ол айна-ласына шуақ шашып тұратын биязы мінезімен, сабырлылығымен, қазак әйеліне тән барлық қасиетімен, ең аяты киім кино мәдениетімен кейінгі толқынға үлгі болды. Тіпті бізге бас-қосударда қалай сөйлеу керектігін де үйретті.

Ақзия Дүйсенқызы облыстық ста-тистика басқармасына алдымен опе-ратор болып орналасты. Кейін саты-лап өсіп, экономист, аға экономист, сектор меңгерушісі болып еңбек етті. Партия мүшесі болды, партия ұйымын басқарды. Ол біздің саланың ардагері Клавдия Канцеваның қамқорлығын үнемі айтып отыратын. Екеуінің апа-лы-сінділей қарым-қатынасы, сый-ластығы Ақзия Дүйсенқызының жұ-мысты тез меңгеріп кетуіне септігін тигізген сынайлы. Уақыт өте келе өз саласының білікті маманына айналған кезде оған жан-жақтан жоғары қыз-меттерді атқаруға ұсыныстар түсе бас-тайды. Бірақ үйіреніскен ұжымын, ор-тасын қимай осы бөлімдегі жұмысын жалғастыра берді.

Ақзия Дүйсенқызы жар сыйлау, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көр-сетудің өзіндік жолын қалыптас-

тырған жан. Әсілінде жақынды жат тұтпай, бауырға басу, барға тасы-май, жокқа жасмай тірлік ету отба-сының берекесін ойлайтын парасат иесінің ғана қолынан келетін шы-ғар. Оны қамқор пейілінен сусын-даған жандардың разылығы қана-тандыратын. Жарының ізінен өрген інілерінің атын атаймай, еркелетіп, арқасысының жетістігіне шын не-тімен қуанатын.

Ерін піріндей сыйлаған Ақзия Дүйсенқызы азаматының биікке шы-ғуына, одан әрі білім алуына атса-ласты. 1964 жылы Мұстафа аға облыстық партия комитетінде қыз-мет атқарып жүргенде Мәскеудегі СОКП жанындағы Қоғамдық ғылым-дар академиясының аспиранту-расына түсті. Үйдегі үш бала мен анасы, інілері Ақзия апайдың жауап-кершілігіне қалды. Үш жыл бойы бір әулеттің берекесін кетірмей, үлкен-кішіге қамқоршы болу нәзік жаң-ды әйелдің нығызға жүктелді. Сон-дай есттерде қиындыққа шыламай, тұрмыстағы түйткілдерді сылтау етіп, майда-шүйде еңгіменен күйеуін маза-ламады. Ер-азамат та арқасүйері, сен-ген адамы болмаса, мұндай қадамға тәуекел етпес еді деп ойлаймын.

Әйел болған соң жұмыста бала-ларымыздың қызықтарын, отбасын-дағы жаңалықтарды айтып отырмай. Ақзия апай енесін «ақылы, парасат-сы адам» дейтін. Мұстафа ағаның інілерін өз туғанынан кем көрмейтін. Оларды аяқтандыруға, жеке-жеке үй қылуда күшін салды. Қайныларының өмірден өз орындарын табуына, от-басылы болуына үйлің үлкені рет-інде жауаптымын деп ойлайтын. Әрқайсысына құрақ ұшып, жеңге жолымен ақылын айтып, кейін ана орындағы ана болып, қамқорлығын аяған жоқ. Халқымызда жасқы әйел-дің сипатын «Бипатыма анадай» деп суреттеп жатады емес пе? Ақзия апай да Бипатымадай қалпымен оны біле-тіндердің, сыйлайтындардың есінде қалды.

Қазақта «бір кісі жакқан отқа мың кісі жылынады» деген сөз бар. Сол мың кісінің жылынған отын Ақзия апай жакты. Ырыс-құты үзілмеген Матай әулетінің қарашырағынан тайай адам дәм татты, құрбы-құлас, дос-жаранға, ағайын-жекжатқа есігі ашық, дастарқаны жаюлы болды. Ағайынның арасындағы ақылдастық, ренжіскенді татуластыру, игі істі бас-

Жамал ШОҚАТАЕВА, статистика саласының ардагері

ЖОБА

2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсыры-сы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «__» № _____ қаулысына
1-қосымша

2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны*	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
		жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында	9 сағаттық болу режимі бар топта	Туберкулез, аллергия ауыруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта	түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта
ауыл	28 249	27 426	57 913	104 845	129 651
қала	26 257	24 572	52 203	94 138	116 267

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «__» № _____ қаулысына 2-қосымша

2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекен атауы	Тәрбиеленушілер саны*	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)
Қызылорда	23 851		
қала	22 413	15 885	21 530
ауыл	1 438	15 885	21 530
Арал ауданы	4 506		
қала	2 404	10 000	12 000
ауыл	2 102	10 000	12 000
Қазалы ауданы	3 947		
қала	305	13 200	14 300
ауыл	3 642	14 300	15 400
Қармақшы ауданы	4 487		
қала	1 135	13 000	15 000
ауыл	3 352	12 000	13 000
Жалағаш ауданы	2 835		
ауыл	2 835	9 000	10 000
Сырдария ауданы	2 125		
ауыл	2 125	9 000	10 000
Шиеді ауданы	6 439		
ауыл	6 439	12 000	12 000
Жаңақорған ауданы	6 316		
ауыл	6 316	8 000	10 000

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЭКО-ға ТЕГІН ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ

Елде ЭКО-ға жүгінетіндер саны жыл санап артуда. «Аңсаған сәби» бағдарламасы қолға алынған 2015 жылдан бері көрсеткіш 8 есе өскен. Мәселен, он жылдай бұрын аймаққа 34 квота қаралса, 2024 жылы бұл 270-ке жетіп жіғылды. Биыл бағдарлама аясында біздің өңірге 310 квота бөлініпті. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 285 әйелдің жолдамға алғанын айтып отыр.



Сурет ішіне басқаруды

Бағдарламаға қатысып, үйінен сәби үшін есту, бауырына шақалақты басу үшін өзін көп нәрседен тыйып, тірнектеп тиын жинағандарды көріп жүрміз. Бала өмірге аман-есен келгені жақсы, бірақ кейде сол бақытқа жете алмай қалғандар тағы да бір мүмкіндік үшін бірнеше жыл қаражат жинайды. Дейтүрғанмен, Қызылорда облысындағы әйелдердің міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында ЭКО-ға тегін қатысушылардың білесіз бе?

Қазақстанда бедеулік мәселесіне тап болған отбасыларға мемлекет тарапынан жүйелі қолдау көрсетіледі. Соның бір дәлелі – «Аңсаған сәби» бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы экстракорпорал-ды ұрықтандыру (ЭКО) процедурасы тегін жасалады.

Статистикалық мәліметтерге сүйен-сек, облыста шамамен 175 мың әйел репродуктивті жаста, 6300-ден астам от-басы бедеулік диагнозымен тіркелген. Бұл көрсеткіштің 60,4 пайызы әйелдер үлесіне тиесілі. Бүгінде 455 отбасы ЭКО квотасын алу кезінде тұр, бұл бағдар-ламаға деген сұраныстың жоғары екенін аңғартады.

Токтала кетейік, ГОБМП шеңберінде әйелдер мен ерлерге алғашқы кон-

сультация (акушер-гинеколог, уролог/ андролог), бастапқы тексерулер, негізгі зертханалық талдаулар (жалпы қан және зәр талдауы, инфекцияларға скрининг), ультратдыстық зерттеу (УДЗ), ЭКО-ға жолдамға беру үшін медициналық комиссиядан өту қарастырылған. Ал ОСМС жүйесі арқылы аналық бездерді гормоналды стимуляциялау, фолли-кул пункциясы, экстракорпоралды ұрықтандырудың өзі, эмбриондарды өсіру (культивация), эмбрионды жа-тыр қуысына көшіру, ЭКО-дан кейінгі медициналық бақылау жүзеге асырыла-ды. Демек, маңызды дерек осы, ЭКО-ға дайындықтың негізгі диагностикалық кезеңдері ГОБМП есебінан, ал қымбат әрі жоғары технологиялы репродуктивті процедуралар ОСМС аясында тегін көрсетіледі.

Бұл мүмкіндікке қол жеткізу үшін не істеу, қайда бару керегін де назарла-рыңызға ұсынамыз. Ең әуелі, тіркелген емханаға барып, гинеколог пен басқа мамандар тексеруінен өту керек. Меди-циналық талдаулар тапсырып, комисси-ядан оң шешім алу, квотаға ресми өтініш беру қадамдарынан кейін квота раста-лып, ЭКО-ға дайындық басталады.

Тағы бір айта кетерлігі, ОСМС пен ГОБМП аясында әйелдерге мұнан өзге де медициналық қызметтер тегін

БРИФИНГ

HUB TASKS ПЛАТФОРМАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Өңірдегі инновациялық экожүйені қалыптастыру және дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарылуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Кузлорда Hub бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев айтып берді.



Кузylorda Hub – аймақтағы инно-вациялық экожүйені дамыту үшін негізгі орталық. Оз жұмысын бастағаннан бері ауқымды нәтижелерге қол жет-кізіп келеді. Осы уақытқа дейін 389 іс-шара өткізіп, оған 1394 қатысу-шы тартылды. Оның ішінде жатасу-шы интеллект бағытында 93 іс-шара ұйымдастырылып, 1752 адам қам-тылған. Жобаларға тартылған инвес-тиция көлемі 42,2 млн теңге, бұл жұ-мыстың нәтижесін көрсетеді.

– Биыл жоспарланған жұмыстар-дың басым бөлігі ЖІІ бағытында ор-битін болады. Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасаиды интеллект жылды» деп жар-иялады. AI-Movement концепция-сы аясында мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік қызмет көрсету орталық-тары және кәсіпкерлер үшін арнайы AI Bootcamp білім бағдарламалары ұйымдастырылды. Осыларша 4 күн ішінде қатысушылар генеративті ЖІІ негіздерін меңгеріп, өз қызметтік қуаттылығын арттыруға мүмкіндік алады, – деді Ж.Түбекбаев.

Өңірлік стартаптарды дамыту үшін 2 маңызды бағдарлама жүзеге асады. Startup Joly (Преникубация) технологиялық кәсіпкерлікке қадам басқысы келетін, 16 жастан асқан кез келген қатысушының қабылдайды. Бағдарлама жобаларды идея сатысы-нан бастап MVP (минималды өміршен өнім) сатысына дейін дамытуға ба-ғытталған. Ал Startup Orda (Инку-бация) 2 айлық бағдарлама MVP сатысындағы жобаларды нарықтағы алғашқы сатылымға дейін жеткізеді. Онда 10 апта бойы қатысушылар семи-нарлардан өтіп, арнайы трекерлердің

паниялар мен фрилансерлер үшін HUB TASKS платформасы жұмысын бастайтынын айтты. Бұл платформа Қызылорда облысының тапсырыс берушілерінің технологиялық тапсыр-маларын орындап, келісімшарт әзір-леу нарығын дамытуға арналған. IT шешімді қажет ететін барлық кәсіп-орындар мен мекемелер өз қажетті-лігін сауалнама арқылы толтырып, өңірдегі ең үздік әзірлеушілердің ұсы-ныстарын қабылдай алады.

Бұдан бөлек IT саласында білім алғысы келетін жастар үшін Tech Orda бағдарламасы жалғасын табады. Бағдарлама аясында облыстың кез келген жас тұрғынына елдегі беделді, аккредиттелген жеке IT мектептерде білім алуға грант беріледі. Сондай-ақ қызылордалықтарға облыстағы мек-тептермен қатар, Астана және Алма-ты қалаларындағы IT мектептерде де онлайн білім алуына мүмкіндік қар-астырылған.

Қазіргі таңда IT білім берудің үздік шешімдері Tomotow School және TUMO School мектептерін ашу бой-ынша облыс әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен жұмыс жүргізілуде.

Хафта IT және стартаптар бағы-тында тұрақты түрде воркшоптар, бүткемпиттер мен кездесулер өтеді. LUPIC халықаралық бағдарламасы аясындағы 3 айлық 4 білім беру бағ-дарламасы қыркүйек айынан бастап білім алушыларды қабылдайды.

Маман өңірдің IT стартаптарын мен компанияларын Astana Hub қатысушысы атанып, салықтық пре-ференцияларға ие бола алатынын да жеткізді. Аталған қызметтер Кузyl-orda Hub өңірлік хабында тегін көр-сетіледі.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илсәбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2024 жылдың 6 мамырында қайтыс болған азаматша Күмүсбаева Аманжол Премаганбетованың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қа-зақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Тольбай Абылаева кісіі **Қазыбайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Департамент бюджеттік бағдарла-малар әкімшілерінің қаржылық есепті-лігіне, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жыл сайынғы аудит жүргізеді.

Қаржы жағдайы, қаржы жағдайын-дағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері

туралы толық және анық ақпарат беру – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты. Мемлекеттік ме-кеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілігін жасау үшін нұсқаулық құжаттармен бюджеттік бағ-дарламалардың әкімшілері қамтамасыз етеді.

Ведомство және оның аумақтық бо-

лімшелері қаржылық есептілік аудиті мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, не-гізділігін бағалайды.

Аудиторлық есеп – тікелей мемле-кеттік аудиторлар жасаған қаржылық есептілік нәтижесі. Есепте жоғары деңгейлі сенім және аудит барысында алынған дәлелдемелерді негізге ала оты-рып, нақты пікір білдіруге тиіс.

Актоты МАХАМБЕТЖАНОВА, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы



ЕТ БАҒАСЫ ӨСТІ: СЕБЕП пен САЛДАР

— Ілгері уақытта далалықтың барлығында қолдан қазылған бұлақтар мен артезиандар болды. Егер бұрынғы ізбен өзіміздің Қызылқұм арасына әр 8-10 шақырымнан бұлақ көзін қазып, онда сиыр табынын не жылқы үйірін ұстап отырса, мал басы өсері анық. Әрине, мемлекеттің қолдауынсыз болмайды. Бүгінгі ауыл маңынан ұзамайтын түліктің жағдайы белгілі ғой. Жазда дария бойын, күзде орылған күріштің орнын талғауға қылады. Шыны керек, ауылдағылардың сүтін ішіп отырған бірекі сиырына жайылым табу қиын. Ал ірі қараны көптеп бағатын қожалықтар қайда барады? Ақыр соны олар да ауыл айналасынан шықпайды, мұнан соң жер айтақырға айналады, көбі тозып та кетті, — дейді арлагер.

Ақсақалдың сөзін өзгелер де қуаттайды. Арал ауданының тұрғыны Мұхтар Қалилаевтың сөзіне, қазір бір бұма қара шөп 850-900, ал жоншық бағасы 1600 теңгеден асады. Бір қап кебек бағасы 2 мың теңгені айналасында. Сонда бір ірі қараның күндік азығы (бордақыланған жағдайда) 3 мың теңгеден астам пұлды құрайды. Ет бағасының өсу себебін осыдан-ақ бағамдай біріз.

— Ауылдағы басты тіршілік — мал шаруашылығы. Осындағы ағайын алдындағы азын-аулақ түлігін өсіріп, қажетіне жаратады, — дейді Құмбазар ауылының тұрғыны. — Кейінгі жылдары Сырдария суы азайған соң ауыл маңындағы көлдер құрғады. Көл құрғаған соң ондағы шабындық пен жайылым жағдайы мәз емес. Біздің елдігелер қыста мал алдына саялар шөпті де осындай көл-арықтың жиегінен орып алатын. Қазір шөпті де, басқа мал азығын да сырттан сатып алып жатыр.

Екіншіден, құрғақшылық. Қыстағы қалың қар жоқ бұрынғыдай. Ол болмаған соң жерде тоң жоқ. Ызасы аз, тоңы жоқ жердің құнары болушы ма еді? Тіпті біздің жаста мамыр айына дейін дала біткен құрап, тақырға айналып кетеді. Мұнан кейін мал қайдан күйлі бола қойсын?

Жанақорған мен Арал арасындағы барлық шаруашылықтың жағдайы бірдей. Тағы қайтапал айтсақ, жайылым өрісі тар не жоқтың қасы, шабындық жерлер қуаңшылық кесірінен азайған. Бұған қоса өзге де қажеттілік, мысалы, нарықта жанар-жағармай құнының өсуі жем-шөп бағасының шарықтауына бір себеп.

— Қалаға жұрт неге ағылып кетуде? Өйткені, атақасп, яғни мал ұстау қиындық тулдырды. Нан табу үшін ауылдан кететіндер көбейгені рас. Бұлай тек берсе, елді мекен саны азаяды. Тағы бір мәселе — күріш егістігі. Мұның көлемін азайтып, орнына мал азықтық дақылдарын көбейтсе деген тілек бар. Олар суды аз қажет етеді. Енді Сырдария суын үнемдеп пайдалану қажеттігін түсінетін уақыт жетті. Президентіміз де осыны жиі көтеріп отыр емес пе? — деп сөзін қорытты Зұлхықар ақсақал.

1-бет.

осал топтардың жағдайын дұрыс сараптау керек. Арнайы азық-түліктік карточка негізінде тек сол азаматтар ғана төмендетілген бағадағы өнімдер алған дұрыс. Бүгінде әлеуметтік маңызы бар тауарлар саны 19-дан 31-ге көбейді. Әлі де көбеюі мүмкін. Ал енді Үкіметтің бұл тауарларды арнайы бекітілген бағадан асырмау туралы тапсырмасы сауда саласының кәсіпкерлеріне жеңіл тиіп жатқан жоқ. Олардың кірісі азайған, — дейді Анас Бакқожаев.

Депутаттың сөзінше, әр өңірдегі тұрақтандыру қорлары жұмысы дұрыс үйлестірілмеген. Қойылған баға бір бөлек, ал сатуға қойғанда басқа баға тұрады. Сондай-ақ тауарлардың сапасы жөнінде шағым көп. Сосын мұнда мұқтажы да, мұқтаж еместі де келіп сауда жасайды. Дұрысы, әлеуметтік маңызы бар арзандатылған тауарды бай да, кедей де сатып алып жатыр. Арнайы ереже қарастырылмағанын байқайсыз.

— Былтыр ауыл шаруашылығына 1 трлн теңгедің жеңілдетілген несие қаржысы бөлінді. Бұл жаман емес. Бірақ кейбір ірі шаруашылықтар мұндай қолдау қаражатын өз бизнесін дамытуға, техника алуға, мал басын асылдандыруға жұмсамай жатады. Мемлекет берген қаражатты басқа бизнеске пайдалану дерегі көбейгені жасырын емес. Президент те осы мәселені жақында «Түркістан» газетіне берген сұхбатында ашық айтып кетті. Қазір ауылда мал бағам деп отырған ағайын көп. Осындай қолдауларды шағын және орта деңгейдегі қожалықтарға берсек, ұтылмаймыз. Ең бастысы — тауар арзан болу үшін мұндай өндірістерді көбейткен жөн. Әсіресе, Мемлекет басшысы айтқан кооперативтерді құрып, шаруалар бірлестігін жандандыруды қайта қолға алған дұрыс, — дейді депутат.

Бордақылау қымбат, баға арзан

Сала кәсіпкерлерінің сөзінше, біздің облыстағы ет бағасы тұрақты. Қазір жылқы мен сиыр еті шамалас, сауда орындарында 2900 теңгеден сатылып жатыр. Сондай-ақ өзге өңірлерден ет тасымдалып жатқан жоқ.

— Біздегі шаруашылықтардың барлығы малды бордақылауға бейімделген. Ал экспорт мәселесіне келсек, мұны ашқан дұрыс. Әрине, аныалық сиырды қоспасын делік, бірақ екі жарым жастан асқан аталық малды экспорттан шектеудің қажеті жоқ. Шыны керек, облыстағы бордақыланған малдың өтуі төмендегені. Айталық, біздегі орташа жалақы 300 мың теңге делік. Көрші Өзбекстанда да солай. Бірақ біздегі келісі 3 мың теңгенің еті онда 6 мың теңгеден саудаланады. Баға жоғары, сұраныс бар әрі бұдан біздің шаруашылықтардың да жұмысы алға басары анық. Бордақылау ісі де дамыды. Бізде тері, жүн өңдеу кәсібі дамымай тұрғанын ескерсек, ең құрығанда, шаруалардың ет экспорты жағынан ұтымлау жағын қарастырып жөн, — дейді кәсіпкер Өмірсерік Құрабаев.

Кәсіпкер өңірдегі малды бордақылау қымбат, ал бағаның арзан екенін айтады. Субсидия берілсе, жүздеген тоннаға дейін ет өңдеп, сатылымға шығаруға болады.

— Қай мемлекет жоғары баға ұсынады, соған еліміздің фермерлері ет экспортына дұрыс. Қазір барлық жағынан қарасак та қымбатшылық бар. Қожалықтар шығындарын осылай жаппаса, бұл қиындық әкеледі. Менің ойымша, Қазақстанның «қызыл алтынмен», яғни мал етімен әлемге шығуына мүмкіндік мол. Тек мемлекет қолдауын аямаса екен, — дейді ол.

Мақала жегісінде айтылғандай, осындай қиындықтардың көбі мал басын өсіретін шаруашылықтар санын азайтқан. Ауыл шаруашылығын сарапшысы Төлеутай Рахымбековтің сөзіне, 2024 жылдың басында олардың саны 270, өткен жылдың 1 желтоқсанына қарай 245,8 мың болыпты. Дұрысы, кейінгі екі жылда 24 мыңнан аса шаруашылық жұмысын тоқтатқан.

— Қазақстан егемендік алғалы 35 жыл уақытта алғаш рет шаруа қожалық санының азайғанын көріп отырмын. Айтапқызы, жеке қосалқы шаруашылықтардың саны да азайып келеді. Олар 2024 жылдың 1 қаңтарына 1 млн 631 мың, 2025 жылдың 1 қаңтарына 1 млн 605 мың болды, — дейді Төлеутай Рахымбеков.

Сарапшы шаруашылықтардың қысқаруы ішкі нарықта өнім көлемін азайтатынын, ал өнім азайса, баға да бір орнында тұрмайтынын, яғни қымбаттайтынын ашық айтып отыр.

Қазір біздің облыста 410 басқа жуық ірі қара бар. 747,5 мың қой мен ешкі, 263 мыңнан астам жылқы, 65,5 мың бас түйе тіркелген. Ең бастысы — аймақтағы мал шаруашылығымен айналысатын 835 қожалық бар болса, оның 550-і сиыр түлігін бағумен айналысады. Сондай-ақ 9 ірі бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр.

Ержан КОЖАС,
«Сыр бойы»

МЕРЕЙ



Журналистикаға қадам ауылдан басталған

Еркін Аққалиұлы Аралдағы Үшшоқы тауынан әрі асатын «Қыземшек» атты төбенің төскейінен орын тепкен Жаланаһ елді мекенінде 1951 жылдың 2 ақпанында жарық дүниеге келген. Аққали ұстаздың шаңырағына шаттық сыйлаған сары бала өмірді көрсем, білсем деп, зерек, алғыр, ширақ, пысық, зейінді, бірітп болып өсті. Сол зеректігінен болар, мектепте оқып жүргенде-ақ шағын мақалалары аудандық «Толқын» және облыстық «Ленин жолы» газеттеріне үзбей шыға бастағаны. Оқушы болса да жазушы, тілші бала атанды. Сол жазғандарына азын-аулақ қаламақы келіп тұрды. Бұл әке үшін зор қуаныш, бала үшін үлкен мәртебе еді. Ауылдың жылт еткен жаңалығын, байлықшылардың тынымсыз тірлігін, мектеп өмірін, шынайы көрінісін оқырмандарға жеткізе білді. Тілші бала ауылының мәртебесін осылай асқатты.

Мұндай жетістікке жетуіне Әбдірейім Есендіков ағайынның қосқан үлесі зор еді. Мектеп қабырғасында жүргенде жол сілтеп, бағыт-бағдар берді. Ауыл баласының журналистикаға алғашқы қадамы осылай басталды. Онжылдықты бітірген соң Н.Г.Оголь атындағы пединституттың филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1973 жылы тәмамдады. Сол жылы Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газетіне әдеби қызметкер болып орналасты. Ауданның кез келген саласын жазғанда нақты дәлелдер мен деректерге сүйене отырып, көңеліңің тустарды дөп басып сын саздағына іле білді. «Жазғаныңның үстіне жазу түссем» деген отты кезі еді бұл. Осы еңбегінің арқасында аудандық газеттің жауапты хатшысы қызметіне көтерілді, сын материалдары арқасында танылды. Анау-мынау емес. Коммунистік партияның белсенді мүшесі, төс қалтасында қып-қызыл партбилеті бар. Партияның сенімінен шығу оңай емес. Газетке алғаш келгенде аудан басшысы шаруашылықтардың күнгейі мен көлеңке тұстарын ашық жазып көрсетуді тапсырған болатын. Ерекен «Қараөзекке қар жаумай ма?» атты ең алғашқы сын материалын жариялайды. Ең қызығы шаруашылықтың партокм хатшысы әкесінің туған інісі Әбжәми Сұлтангереев еді. Ол кезде газетке шыққан сын материалдар ауданның бюросында арнайы қаралатын. Содан шаруашылық басшысының жұмысы бюрода қаралып шықпайтын қолтасқа, қалған басшыларға қатан сөгіс жарияланды. Сонда Әбжәми ағасы ренжуідің орнына: «Сенін бұл жазғаның өте дұрыс болды. Сол арқынын арқасында мініміз түзелді» деп арқасынан қағыпты.

Тағы да он шақты сын материалы бірінен соң бірін жазды. Көп іс тындырғандай болған, аяқастынан ауданның бірінші хатшысы шақырғанды. «Ол блай болған» деп Ерекен кезінде айтып берген еді.

Партбилетті столға қой...

Сонаау 1980 жылдың шамасы. Бір күні ойламаған жерден «Ауданның бірінші хатшысы Нәлқожа Ерғешбаев шақырып жатыр» деген хабар алды. Бармасқа амалы жоқ.

Барса атшаптырм кабинетте түнеріп отыр екен. Осынд да не боп қалды екен деген сан түрлі оймен келген. Н.Ерғешбаев «Сен бала, бес-алты

Өткен жылдың соңғы айында қаламдас досым әрі құрдасым Жолдасбек Ақсақаловтан аяқастынан айырылып, жабырқап жүргенімде әріптес Еркін ағам: — «Кенжалы, түсінем, Жөкенді мен де қимаймын, енді саған аға әрі досың боламын» дегені жүдеу көңілге дем берген-ді. Көзіме ыстық жас көп қалды. Арқалы ақын Дүйсенбек інім де солай деген-ді. Күрөң күннің көлеңкесінде қалғандай күй кешкен сәтте «дос әрі ағаң болам» деп Ер-аға өрлік жасады, ауыр ойды жеңілдетті. Бес күн тірлік деген осы ғой, бірде мұң, бірде шаттық сыйлаған. Содан қуаттана келе Еркін ағамның, досымның қаламгерлігі жайлы сыр тарқатуға бет бұрдым. Өйткені мерейлі 75 жасқа келіп қалыпты.

ҚАЛАМҒЕР КЕЛБЕТІ ҺӘМ АРАЛ

сын мақала жазыпсың. Көлеңкеден арылып, күнгей бетке шығатын күнің бар ма? Жоқ, әлде?» деді. Ерекен ойын да, бойын да тез тежеп, қойылған сауалға ойланбастан: «Аға, жақсыны да жазып жатырмыз ғой, десе де «сын түзелмей, мін түзелмейді». Қайта кемшілікті жазып...» дегенде, бірінші хатшы бірден: «Токтат. Партбилетті столға қой» деп орнынан тұрыпты.

Сонда Еркін ағамыз «Партбилетті бір сіздің қолыңыздан емес, он бір бюро мүшесінің қатысуымен алдым. Солардың төрт көзі түгел болса, бердім партбилетті» деген. Ерғешбаев орнынан түрелген бойда бұған беттейді. Ерекен сол сәтте, «қарсыласып нем бар еді, шаруам бітті» деп ойлап тұрған.

Нәкең: «Дұрыс айтасың, сын садағына тілкен шаруашылық басшылары сыбағаларын алды. Әкең қолыңды» деп қолын жымия ұсынды.

Сөйтсе сын жазғаны үшін емес, риза болғаны үшін шақыртқан екен. Бір жағынан партияға деген құрметі мен адалдығын сынаған. «Міне, сол кездегі тұлғасы биік, кеудесі ашық, қоғамға нағыз жанашыр азаматтың ісі» деп Еркін ағамыз өткен шағын сағына есіне алған еді.

Шет ауылдағылар шет тілін қайдан білсін?

Онжылдықты бітірісімен Еркін Әбілов Алматыға ҚазГҮ-ге түсуге жол тартты. Барып құжаттарын тапсырған. Бірақ түсе алмады. Емтиханнан құлайды. Оның басты себебі — ағылшын тілін білмегені. Сол жылы емтиханға шет тілі еніпті. Тиісті пәндерді 4-5-ке тапсырған-ақ еді. Осыған ашынған Ерекен «Шет ауылдағылар шет тілін қайдан білсін?» атты көлемді материалды республикалық «Лениншіл жастан» бұрқ еткізеді. Бұны қолдаған қаншама ауыл түлектері өз пікірлерін білдіріп, алғыс айтты.

Ақыры еңбек ете жүріп 1982 жылы қазықын ал Фарابی атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.

Білім мен мәдениет саласындағы жылдар

Иә, адам болғасын, пенде болғасын оның міні де, мінезі де болады. Ол да Құдайдың жаратқан құлы, Алланың пендесі ғой. Біздің Еркін ағамыз мінезді адам. Аяқастынан бұлқан-талқан болады да, тұлғаан теңіз толқынндай тез кері қайтады. Өйткені Ерекен сол айдыны Арал теңізінен нәр алып, жағасында қайралып, құмына аунап өскен. Теңіз перзенті осылай болса керек.

Еңбек жолына қарасан, лауазымды қызметтерді атқарған. Әуелі 1988 жылы Қалжан ахун ауылындағы №126 орта мектептің директоры болды. Оны төрт жыл басқарып, білім саласында да жаңашыл басшы ретінде мектепті ауданға танытты, білім беру сапасын арттырып, түлектері жоғары оқу орнына көптеп түсе бастады. Осылай төмендеп қалған мектепті алға жетелей бастаған шақта партияның ұйғарымы бойынша алдымен Жалағаш аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, содан кейін атқару комитетінің іс басқарушысы қызметтеріне жіберілді. Білікті маман ретінде сол кезеңдегі партия және кеңес қызметін мінсіз атқарды.

Содан 1992 жылдың басында Арал ауданы әкімінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды. Көп ұзамай іскерлік, ұйымдастыру қабілетінің жо-

ғары екенін байқаған аудан әкімдігі оны аудандық мәдениет бөліміне басшылыққа жіберді. Ұжымның тілін тауып, тез табысып, айнымас дос болып кетті. Өйткені оның жаны да, мамандығы да, өзі де өнермен үндеседі. Сол кезде өнер иелерінің тұрмыстық, әлеуметтік жағдайын көтеруге күш-жігерін жұмсады.

Осыдан 3-4 жыл бұрын Аралдың ақын ақыны Толыбай Абылаевтың мерейлі 70 жасқа толуына орай аудан орталығында өткен шығармашылық кешке Еркін ағам екеуіміз барғанда, аудан өнерпаздары оны ортаға алып, өздеріне жасаған жақсылығын айтып, қошемет көрсеткенін көзбен көріп, бір марқайып қалғаным бар.

Газетке қайта оралу

Содан 1996 жылы аудандық «Толқын» газетіне бас редактор болып баспасөз саласына қайта оралды. Келе сала «Толқынның» атауын сақтап қалды. Газеттің сапалы шығуына, мезгіл жүгін көтеретін мақала жазылуына неміс қойды. Оқырмандар іздеп жүріп оқитын жағын қарастырды. Сөйтіп 12 жылдық мемлекеттік қызметті қайтадан қаламаға ауыстырды.

Газет жұмысының қандай ауыр екенін тек журналистер ғана біледі. Оның қызметі халыққа арналған. Әлі де сол қалпы өзгерген жоқ. Содан болар, жуырда ғана газет пен журналдың халыққа бұрынғыдай қажет екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Түркістан» газетіне берген сұхбатында жан-жақты атап өтті.

Бұл жөнінде байырғы журналист: «Газеттің беделі мен абыройы қашаннан биік болатын, әлі де солай. Осыны байқаған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев газет-журналдардың қазақ руханиятының негізгі құралы екенін атап өтуі баспасөзді бағалауды деп түсінемін. Енді жергілікті билік баспасөздің ролін арттыруға барына күш салады деп ойлаймын» деп көзқарасын білдірді.

Еркін Аққалиұлы өте еңбеккор жан. Жұмысымен қатар, жеке шығармашылығын да өрбітті. «Адам бір көшкен керуен», «Үлкен саясат: тұлғалар мен тағдырлар», «Өтпелі кезеңнің қайсар қазағы», «Тенізбен тағдырлас», «Жер-анаман тағдырлас тұлға», «Қос қайын», «Абалал» атты бірнеше көркем және хикаят кітаптардың авторы.

«Қыземшек» атты төбенің аңызы туралы тарихи-танымдық туындысының республикалық «Лениншіл жас» газетінде жариялануы қаламының желді екенін көрсетсе керек. «Арал — аңам келе жатыр, Арал — аңам», «Тенізбен тағдырлас» хикаяттарында Арал, ондағы адамдар тағдыры, теңіздің келешегі жайлы төбірене, терең толғанасымен баяндалған. Бүгінгі Арал өңірінің мәселесі төңірегінде келелі ойларды қозғаған. Қаламгер мен Арал үндесіп жатқандай, туған жер тағдырын ойлап жағылады, оның келешегі не болар деп қамығады. Арал адамнан араша күтетінін жазушы қаламы арқылы шынайы жеткізе білген. Осы елеулі еңбегінің арқасында «Арал ауданының құрметті азаматы» атанды.

Туған елдің жанашырына айналған айтулы қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еркін Әбіловті 75 жасымен құттықтаймыз! Алдағы уақытта халқы сүйісініп оқитын соны дүниелер күтесін.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығандар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 21035

Тапсырыс №147

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**